

Түсті металдардың сынықтарын дайындау мен сатуды тәртіпке келтіру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 15 қазан N 1269. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.12.01. N 1214 қаулысымен. ~P981214

Қазақстан Республикасының Энергетика, байланыс және өнеркәсіп кәсіпорындарының өмірлік маңызы бар объектілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, түсті металдарды, олардың сынықтары мен қалдықтарын ұрлауды, құрамында түсті металдар бар құралдар мен бұйымдарды бөлшектеуді болдырмау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Электротехникалық өнімдерді түсті металдар сынықтары мен қалдықтары түрінде (алюминийлі және мысты өткізгіштер, қуатты және байланыс кабельдері, трансформаторлық шағын станцияларды іске қосқыштар мен элементтер) қабылдауды, өткізуді, сатуды, оның ішінде Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде қабылдауды, өткізуді, сатуды белгілеуге Қазақстан Республикасының Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының рұқсатымен ғана жол беріледі.

2. Қазақстан Республикасының Кеден комитет, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекара күзеті жөніндегі мемлекеттік комитеті түсті металдар сынықтары мен қалдықтарын Қазақстан Республикасының Түсті және қара металдардың ұтымды пайдаланылуын бақылау жөніндегі мемлекеттік инспекциясының рұқсатынсыз әкетуге тыйым салуды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдасын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі